

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусабалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

Жұқпалы аурулардың көбеюіне тоқтату үшін түрлі іс-шаралар жасалды. Медициналық қызмет көрсетудің жаңа әдістері дамыды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Кунаев Д.А. Советский Казахстан. Алма-Ата, 1980, с.151;
2. Наркомы Казахстана 1920-1946 гг. Библиографический справочник. Алматы, 2007, с.360;
3. Шарманов Т. Алматинский рубеж мирового здравоохранения. – Алматы, 2008. – 184 с.
4. Советское здравоохранение 70 лет (1917-1987) / под ред. Чазова Е.И., Блохина Н.Н., Лидова И.П., Лисицина Ю.П., Щепкина О.П. – М.: Медицина, 1987. – 510 с.
5. Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі – Қазақстан – 1978. -150с.

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕ ЖАҢҒЫРҒАН ҰЛТТЫҚ САНА СЕЗІМ

Бижанов А.С.

тарих магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан тарихы кафедрасы оқытушысы

Ерденбекова Ж.С.

тарих магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан тарихы кафедрасы оқытушысы

1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азияда патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс болды. Көтерілістің басты себептері экономикалық және саяси-әлеуметтік мәселелерге тікелей байланысты болды. Ол отаршылдық езгінің күшеюінен, жергілікті халықтың жерін тартып алуынан, патша үкіметінің қоныстандыру саясатынан, салықтар мен басқа да алымдар көлемінің шамадан тыс ұлғаюынан және қалың жұртшылықтың әлеуметтік жағдайының I дүниежүзілік соғыс есебінен күрт төмендеуінен көрініс тапты. Көтерілістің басталуына Николай II патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы жарлығы түрткі болған. Жарлық бойынша Қазақстан, Орта Азия мен ішінара Сібірдің «бұратана халықтарының» ер-азаматтарынан (19 бен 43 жастың аралығында) майданның тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынас жолдарын салу, окоптар қазу, т.б.) 400 мың адам (оның ішінде қазақтардан 240 мыңға жуық) алу белгіленді [1, 187 б.].

Патша жарлығына наразылық білдірген халық дәстүрлі билікті қайта жаңғырта отырып, отаршылдыққа қарсы өзіне күрес жүргізді. Ел сайлаған хандар көтерілісшілерді біріктіруші рөл атқарды. Хандық билікті орнату арқылы қараша халық отаршыл үкімет басқаруынан құтылып, саяси азаттыққа, тәуелсіздікке ұмтылды. Таза көшпелілік сақталған аудандарда тәуелсіздік рухы жоғары болып, қазақы жолды таңдаған стихиялық күш бостандыққа жету үшін дәстүрлі саяси құрылым мен қарулы күрес әдісін қолданды. 1916 жылғы көтеріліс Қазақстанның әр ауданын қамтыған, алғашқы ұлт-азаттық қозғалыс болды. Бұл өз кезегінде, XX ғасыр басында әлем бойынша егемендікке, елдікке ұмтылып жатырған отар елдердің қатарынан қазақтардың да табылғысы келетіндігінің айғағы болып келеді.

1916 жыл оқиғасын Қазақстанның басқа аймақтарынан бөлек Ақмола, Атбасар уездері құжаттарындағы деректер негізінде зерттесек, патшаның 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы шыққан ел, қазақ ауылдарының үлкен ұйымшылдық көрсеткенін байқаймыз. 1886 жылғы экспедицияның зерттеуі бойынша Нұра өзенінің орта ағысының бойын жайлаған ауылдардың көбі Арғын мен Қарақырғыз руларынан екен. Ерейменнің таулы алқабы мен Сілеті өзенінің төменгі ағысын Қанжығалы руы, таулы орманды солтүстік беткейді Керейлер қоныстаныпты. Есіл бойына Қыпшақ ауылдары, Борсық өзеніне Арғындар мен Қырғыз руы иелік құрыпты [2, 62 б.].

1916 жылдың 7 шілдесі мен 6 қыркүйегінің аралығында Омбының әскери округінің штаб бастығы А.А. Таубе көтеріліске қазақтардың қалайша күш біріктіріп жатқаны туралы төмендегі анықтамасында жазады: «По сведениям, полученным от гражданских властей и путем разведки, выяснилось, что наиболее значительное скопища киргизов сосредоточились

около озера Кургальджина до 30 тысяч киргизов и у Ереминских гор – до 5 тысяч, и в Кош-Агачском районе – до 2 тысяч киргизов[3, 489-491 бб.]. Отаршыл езгіден әбден ызаланып, зардап шеккен халыққа «маусым жарлығы» түрткі, сылтау болды. Елдің бас көтерер азаматтары түгел атқа қонып, жат жерде қорлық көргенше, туған өлкесінде қолға қару алып, оққа ұшқанды артық санады.

Осы кезеңде Ереймен, Қоржынкөл, Сілеті болыстары да көтеріліс жасауды ұйғарып, халық жасағын басқару үшін Сәтбай қажыны хан сайлайды. Осы көтеріліс барысында Молдажан Жадайұлы, Жанайдар Ыбырайұлы, Жаймолда сияқты әрі мерген, әрі батыл жігіттердің даңқы шықты. Осы көтерілістің басталмас бұрын ел арасына мал санағын жүргізуге шығып, орын алып жатырған мәселелерді көзімен көрген Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» еңбегінде: «...Қанжығалының Ащылыкөл басындағы бірінші болысының ауылына қайта келдік. Әбден еліріп атқа мініп алған ел. Гу-гу сөз. Топ-топ жиналыс. Жұрттың сөзі «солдатқа қазақты алу» әңгімесі, қазақтың оған «бармауға тиісті» екендігі. Көңілдеріне қиғаш сөз айтқанды дұшпан деп біледі. Жұрт әбден көтерілген. ...Топ-топ, кеу-кеулеген қазақ. Көзіне орыс көрінсе, жүндей түтпек. Бәрі қолдарына түкіреді» – деп жеткізеді [4, 18-19 бб.].

Сәтбай-қажы хан басқарған сарбаздар патша жазалаушы отрядтарына қарсы күрес жүргізді. Ақмола уезінің басшысы А.С. Веретенников 27-шілде күні әскери губернаторы П.И. Масельскийге жолдаған хатында Ереймен болысының писары Н. Николаевич жеткізген хабарын тіркеген: «Онда 19-шілде күні болыс орталығынан Ақмола қаласына бара жатқанда жолшыбай «Жарық» деген жерге жеткенде 50 қазақ бұларды қоршап алып, болыстан іс-қағаздарын беруді талап етіп, егер де талаптары орындалмаса өлтіретінін ескертеді. Бұл өлімнен болыспен бірге келе жатқан ақсақал Жақсылық Бағанін мен молда Шыңғыстың арашаға түсіп, сақтап қалғанын, бірақ әулеттер тізімі мен іс-қағаздарын түгел беруге мәжбүр болғандарын айтып, Николаев бұл қазақтардың Ереймен болысынан екенін жазған»[3, 517 б.].

Келесі бір хабарда мынадай мәлімет берілген: «В восточной части Акмолинского района замечено усиление волнений: «так в ночь на 17 сентября близ Ерейменских гор киргизы поселка Шайтанды произвели ряд бесчинств. Находящаяся в этом районе ополчения рота занимает по требованию гражданских властей главнейшие поселки»[5]. Отаршыл патша үкіметі ұлт-азаттық көтерілісін бастаушыларға қарсы мұздай қаруланған жазалаушы әскер шығарады. Ереймен төңірегіндегі Төрежалы деген жерде үлкен ұрыс болып, қарапайым қаруланған халық жасағы шегінуге мәжбүр болды.

Қырып-жойып күштеумен әскери қара жұмысқа қазақтарды жиоға бірсыпыра жерде қолдары жеткенімен, 9-қарашадағы ақпаратында Ішкі істер министрлігі кеңесшілерінің мүшесі В.Г. Кондоиди «В Акмолинской области лишь в двух местах, Акмолинского уезда вс. Алексеевка и в районе Ерейменских гор не достигнуто повиновения» - деп мойындады[3, 500 б.]. Ереймен болысындағы Қанжығалы хандығынан басқа жерлерде де Арқа қазақтары көтеріліске ұйымдасып, өз орталарынан хан сайлай бастайды. Жарлыққа қарсы көтерілген Ереймен болысының Атығай, Керей елі Нүрпейіс дегенді хан сайлады. Қарадан шығып хан болды деген ұғым бекіп, халық санасында орныға бастады. 1916 жылғы көтерілісті басқару үшін тоғыз болыс Тоқа руынан үш адам Оспан, Әлсен, Әмет қажы қарадан хан сайланған .

Қарадан шығып хан болған азаматтар туралы ойлар мен зерттеулер тарих сахнасында көптеп кездеседі. Негізгі мәселе қараның хан сайлануында емес, елдің дәстүрлі хандық билікті аңсағандығында деп түсінуге болады. Патша үкіметінің Сібір мен Орта азия жерін отарлау саясаты негізінде жойылған дәстүрлі жүйенің құрамдас бөліктерінің жергілікті орыс үкіметінің құрылымында табылмауы автохтонды халықты өзіндік басқару жүйесін қалпына келтіруге итермеледі. 1916 жылы едәуір аймақты қамтыған Торғай көтерілісін басқарған Әбдіғаппар хан еді. Ақын Файзолла Сатыбалдыұлы 1916 жылғы Торғай көтерілісіне арнаған «Әбдіғаппар хан» атты поэмасында:

Ел ұстап, тұлпар мініп, ту көтерген,
Есімнен кетпей қойды Әбдіғаппар.

Хан болған 13 болыс, Үш Торғайға,
Жігіттің сұлтаны еді-ау Әбдіғаппар.
Сабырлы ақыл иесі, білімге бай,
Ерекше бір белгісі – мінезі ауыр.
Жан еді хан да болса, қарапайым,
Күн кешкен ұсақ-түйек, жел сөзге ермей... -

деген жолдары арқылы, сол замандағы халықтың қалауы болған дәстүрлі жүйенің билеушісі «ханды» суреттейді. Терең ойлы, кемеңгер тұлғаның қарапайымдылығы жөнінде тарихшы ғалым М. Қозыбаевтың «Әмір Әбдіғаппар» атты мақаласында да айтылып, мысалдар келтірілген. 46 жастағы Әбдіғаппар ағаштан түйін түйетін. Ел оны жадына халық шежіресін хаттаған, байсалды, аз сөйлеп, көп іс тындыратын, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматы деп танытын. Әбдіғаппардың есімі аталып, ақ киізге көтеріліп, хан сайлануының осындай негіздері де бар еді. Әбдіғаппар «хан» деген атақты Шыңғыс әулетінен шыққандарға ғана тән дәреже екенін жақсы білетін. Сондықтан да қарадан шығып хан болғанына ризашылығын білдірді де, өзін «әмір» атауды жөн көрді [6, 196-197 бб.]. Алайда қарапайым халық Әбдіғаппарды «әмір» деп емес, «хан» деп атап кетті.

Арқадағы хан сайлануы туралы С.Сейфуллин «1916 жыл» деген естелігінде мынадай деректер беріледі: «Біздің елдің жігіттері де бір-бір аттарын мінісіп, ереуілдетіп, көтерілісіп алған екен. Күнде кеңес, күнде неше түрлі хабарлар естіледі жан-жақтан. Біздің ел ол кезде Нілді болысы дейтін. Нілді болысының жартысы Еркесай болысы болып бөлінген. Міне, осы екі болысқа бөлінген біздің ел ортасының Әмет деген қажыны хан сайлапты. Оның қасына бірнеше «қазылар» сайлапты. Сарбаз құруға дайындық жасапты. Біздің елмен көршілес Қареке деген ел ортасынан Нұрлан деген кісіні хан сайлапты. Және біздің Қарағаш елі дейтін ел Шоңның Оспан деген кісіні хан сайлапты. «Тінәлі» деген ағайындас бір еліміз Қуаныш деген кісіні хан сайлапты. Қылыш қажыны хан сайлапты. Одан арғы елдерде хан сайлап, сарбаз жасап жатыр деген хабарлар келіп жатты» [7]. Қарағаш елінің ханы Оспан ханның әкесі Шоң Телғозыұлы. Тоқа руынан шыққан Шоң орыс оқуын бітіргеннен соң, кіші жүз Торжан болысқа тілмаш болады, одан кейін Қарағаш болысына болыс болып, 37 жыл бойы болыс басқарды. Хан сайланып жатырған, қарадан шыққан қазақтар, жергілікті жердің билеушілері немесе ел билеген беделді адамдардың мирасқорлары екендігіне назар аудару қажет. Моғолстанды билеген дулаттар немесе Алтын Ордада ерекше орынға ие болған ноғайлар секілді, әр аймақтың беделді қазақтары «хан» сайланатын деңгейге жетті.

Патша үкіметі Елге жазалаушы әскерлер жібере бастайды. Жарлықтың шығарылуы түрткі болған, Арқа қазақтары туған жері, елі үшін тәуелсіздік жолында күреске көтерілді. Халық ұйымдасып, бірге күш көрсету үшін өз орталарынан хандар сайлап, дәстүрлі хандық билікті жаңғыртуға ұмтылыс жасады. Хандық билік халық санасында ерекше құбылыс ретінде сақталып, отаршылдыққа қарсылық ретінде негізделе бастады. 1916 жылғы көтеріліске байланысты жинақтардағы өлеңдерде көтеріліс басшылары туралы мағлұматтар кездеседі.

Жасынан ақындық қабілеті бар Шоңның Ахметжаны 1930 жылы Қараөткел түрмесінде отырып жазған өлеңінде өткен оқиғаларды бейнелейді. Өлең жолдарында Қорысбай атты қазақтың жеті орысты өлтіргені туралы, Көнек пен Қарағашты бетке алған Уезд басшысының 500 солдаты шыққандығы, Оспан, Әлсен қажы, Әмет қажы, Қорысбай, Қопа, Жарқын, Сапақ, молла Қожахмет сияқты азаматтардың ұсталып, жазаланғандығы туралы суреттеледі. Патша үкіметі елге жазалаушы әскерлер жіберіп, кей елдердің хандарын тұтқынға алып, Ақмолаға әкелді. Жыланды елінің сайлаған ханы Әлсен қажыны, Қарағаш елінің сайлаған ханы Шоңның Оспанын тұтқынға алып, Тінәлінің ханы Қуаныш қажыны алдап сөйлеуге шақырып алып, тұтқындап, Ақмола түрмесіне қамады. Қалың елге жазалаушы әскер пулемет, зеңбірек қолданып, қарапайым қаруланған халық төтеп бере алмады. Арқа қазақтары шамалары келгенше тобын жазбай, күрес жүргізе берді. Нәубет жылы әр аймақтағы көтерілістер аяусыз, қатаң жазаланды.

Жәдидшілдердің қоғамды руханижағынан ояту, ағарту бағындағы қызметтері 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезеңінде өз нәтижесін берді. Халықтың азаттыққозғалысқа қатысуына патша үкіметінің орыстандыру саясаты, қазақ жеріне жаппай қоныстандыру нәтижесіндегі құнарлы жерлерді тартып алу өз кезегінде жергілікті әкімшіліктің жауапсыздығы мен 25 маусымдағы Патша жарлығы ұлт-азаттық қозғалысты тудырды. Бұл ғасырлар тізбегінде самодержавиенің отаршылдық саясатына және Патша тарапынан қарапайым халыққа қысым көрсетуге қарсы көтеріліс болды. Халық көтерілісінің орын алуына мемлекет құру туралы ойдың пайда болуы, ұлттық сана-сезімнің оянып өз еріктілігі үшін күресуге деген дайындығы әсерін тигізді [7].

XX ғасыр басындағы қазақ ауылының жағдайы туралы сөз қозғағанда қазақтың байлары мен олардың шаруашылығы туралы айту өте маңызды. Ақмола облысының мысалында қазақтың ауқатты адамдарының шиеленіске толы кезеңдегі экономикалық жағдайын тізбектеп айтқан жөн. Себебі, Далалық өлкенің Ақмолаға көрші Омбы уезінде 1907-1908 жылдары ауқаттылар мен байлардың шаруашылықтағы үлесі 110 мың бас малымен 16 пайызды құраса, ал 84 пайызды құрайтын орташа шаруалар мен кедейлердің жалпы мал саны 115 мың ғана болған [9]. Халықтың әлеуметтік жағдайының осыншама әркелкілігі ел жағдайының заман талабына төтеп беруге дайын еместігін көрсетіп тұрғандай болады. Әртүрлі бағыт-бағдардағы саяси партиялардың қызметі бұндай мәселелерді оп-оңай өз пайдасына шеше алады.

Зерттеуші, Торғай облысы аппаратында қызмет атқарған Иван Крафт қазақ қоғамындағы ақшаның рөлі туралы: «Денги сделались кумиром в глазах кочевого народа», - деп баға беріп, адамдар арасындағы патриархалдық қарым-қатынастарды бұзып, дәулеттілердің қарыз алушыларға деген үстемдігін бекітті [10]. Байлардың қоғамдағы рөлінің өсе түсуі туралы Салық Зиманов өз тұжырымдарын XX ғасыр басындағы Орыс үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясатымен түсіндіреді [11, 213-218 бб]. Хандық билік жойылғаннан кейін, олардың тірегі болып келген билердің әлсіреуі дәулеттілердің ықпалын күшейтті. Сонымен қатар, жаугершілік заманның бәсеңдеуі негізінде батырлар институтының төмендеуі мен тауар-ақша қатынастарының кең етек жаюы байлардың қоғамдағы рөлін жоғарылата түсті.

Мал сату кәсібіне негізделген қазақ ауылының сауда буржуазиясының өкілдері мал өнімдерін өңдейтін зауыт немесе фабрикалардың басқарушысы, иелері болды. Мысалы, Ысқақов, Оспанов сияқты азаматтар Көкшетаудағы май шығарушы зауыттардың иелері болса, тері өнімдерін дайындап, өңдейтін зауыт иесі – Қошқаров және егін шаруашылығына маманданған ұн тартатын зауыт иесі – Кикин сияқты қазақ кәсіпкертері болған [10]. Қазақ қоғамының мүшелері тек қана ауыл шаруашылығымен айналысып қоймай, оның кейбір өкілдерінің заман талабына сай дамып, өркендеп капиталистік қатынастар заңдылықтарына ілісе отырып дамығандығын көрсетеді. Бірақ, соғыс басталғанда олардың тауарларына сұраныстың күшейгенімен, алымдардың да көбейгендігі белгілі нәрсе.

Биліктің барлық тетігін өз қолына жинаған патша үкіметі жергілікті халықтың мүддесімен санаспады. Полицияның қазақ халқының өміріне, тұрмысына ғана емес, оның рухани дүниесі, ақыл-ойы мен көңіл-күйіне бақылау жасауы анық көрінді. І дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы қазақ қоғамының жағдайын бұратана халықтардың ой-өрісіне, рухани өміріне бақылау жасау ендігі уақытта отарлаушылардың жерді отарлаудан, сананы отарлауға көшкендігі ашық көрінеді. Қазақ халқы жаһандық соғысқа атсалысып, материалдық жағынан едәуір көмек көрсетсе де патша үкіметі үшін сенімсіз, панисламистік элемент ретінде қала берді.

1916 жылғы көтеріліс кезінде қайта жаңғырған дәстүрлі хандық билік дәстүрлі жүйенің өміршеңдігін көрсетеді. Патша үкіметінің ғасырлар бойы жалғасып келген отарлау саясатының жергілікті халықтың елдік-еркіндік негіздерін жоя алмағандығының айқын дәлелі, 1916 жылы Қазақстанның әр аймағында көрініс тапты. Шыңғыс ұрпақтарына ғана тиесілі болып келген «хан» билігіне кейбір жерлерде қарадан шыққан қазақтар сайланды.

Дәстүрлі хандық биліктің жаңғырып, ұлттық сана-сезімнің оянуы 1917 жылы құрылған Алаш автономиясына жергілікті халықты дайындады деп қорытындылауға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Алдажұманов Қ.С. Дәуірдің жарық жұлдызы: Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М.Тынышбаевқа арналады. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. 273 б.
2. Әмірқызы К. Ауылым – атамекенім. – Ақмола: Аққұс, 1993. – 228 б.
3. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане// сборник документов. – Москва: АН СССР, 1960. – 792 б.
4. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу: Тарихи-мемуарлық роман / Төртінші басылым.- Алматы «Жазушы», 1977.- 387 б.
5. ҚР ОММ. 246 – к. 1 – т. 122 – іс. 3-7 п.
6. Әбдіғалиұлы Б. Торғай көтерілісі. 1916-1917 жж. құжаттар, мақалалар. – Астана: Фолиант, 2016. – 248 б.
7. ҚР ПМ. 811 – к. 1-т. 58-іс. 1-20 п.
8. Камалиева Г.Ф. Развитие образования нерусских народов Башкирии в 1870-1917 гг.: кандидаттық автореферат. – Уфа, 2013. –188-189 б.
9. Тогжанов Г. Казахский колониальный аул. – Москва, 1934.-69 б.
10. Нұрпейісов Т. Капиталистік қатынастардың енуінен қазақ байлары әлеуметтік бейнесінің өзгеруі//Отан тарихы. – Алматы, 2/2005. – 46 б.
11. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. - Алматы: АНҚазССР, 1958. - 296 б.

СТЕПНОЙ КРАЙ ЕВРАЗИИ В ЭПОХУ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА: К ОСМЫСЛЕНИЮ ТЕОРИИ ПРОБЛЕМЫ

Буктугутова Р.С.

д.и.н., доцент Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова,
заведующая кафедрой истории

Степное генерал-губернаторство (широко распространенное неофициальное название- Степной край) – раскинулось на огромной территории, равнявшейся по площади всей территории Германии и Австро-Венгрии вместе взятых или, например, соответствовал 1/5 части территории Европейской России. Общее пространство Степного края занимало более миллиона квадратных километра.

Степное генерал-губернаторство было образовано в 1882 г. для проведения в жизнь национально-административных реформ, устройства транзитных путей, развития городов, промышленности и торговых связей. Оно просуществовало до марта 1917 г. За этот короткий исторический период огромный край, пребывавший на стадии феодализма и зачатков капитализма, вынужден был форсировать экономическое и политическое развитие. И это есть уникальный исторический опыт, требующий особого внимания и научного осмысления.

За три с небольшим десятилетия в крае начали развиваться промышленность и формироваться рабочий класс. Огромные массы переселенцев, прибывавшие из центральных районов, России, преобразили формы земледелия и сформировали новый аграрный сектор края. Активно исследовался край русскими учеными. Царское правительство отправляло в ссылку немалое количество политически грамотных людей. Говоря современным языком, происходили массовые миграции населения, и это осуществлялось в условиях больших пространств и недостаточно развитых средств передвижения.

Край пробуждался к активной политической и общественной жизни. Зарождение и формирование политических партий сыграло роль катализатора в этом процессе. Несмотря на удаленность и отсталость края во всех отношениях здесь имелись представители практически всех политических сил России: социал-демократы, социал-революционеры, либералы, монархисты.

Методология исследования данной проблемы основана на принципе историзма и объективности, необходимых для полноты суждений. Используется системный подход,